

050016, Алматы қаласы, Әл-Фараби даңғ., 73 | 050016, Almaty, av. Al-Farabi 73
☎ 8 (727) 302 09 30 ✉ info@nmu.edu.kz 🌐 www.nmu.edu.kz

№ 009/09

«09» 11 2024ж

Қазақстан Республикасы
Ғылым және жоғары білім министрлігі
Ғылым және жоғары білім саласында сапаны
қамтамасыз ету комитетіне

Ілеспе хат

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті исламтану кафедрасының доценті, PhD докторы Оқан Саметке 60300-Философия, этика және дін, 60304-Дінтану мамандығы бойынша қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағын беру туралы жеке іс ұсынып отыр.

Оқан Самет 1981 жылы туылған, ұлты қазақ, Қазақстан Республикасының азаматы, 2017 жылы Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде исламтану мамандығы бойынша «Өркениеттер қақтығысы және исламдағы диалогтық дискурсы (Әбу Ханифа мәзһабы қайнаркөздері негізінде)» тақырыбында диссертация қорғап, №0002092 2018 жылғы 12 қаңтардағы №27 бұйрық негізінде PhD докторы дәрежесін алды.

2012-2014 жылдары Алматы қ. Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті Исламтану кафедрасында аға оқытушы. 2014-2017 жылдары Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті мен Ғылым ордасының (Философия, саясаттану және дінтану институтының) бірлескен білім беру бағдарламасының докторанты және жеке шығармашылық жұмыстарына арналды, сол жылдардағы жұмыстары: «Әр күніңді әсемде» (кітап), «Матуриди сеніміндегі таңдаулы тақырыптар» (кітап). 2017-2020 жылдары Астана қ. ЕҰУ-ның Әлеуметтік ғылымдар факультетінің Дінтану кафедрасында PhD, доцент м.а. оқытушы. 2020 жылдан бастап Нұр-Мұбарак университетінде Исламтану кафедрасының доценті м.а. оқытушы қызметін атқарып келеді.

Ғылыми-педагогикалық еңбек өтілі – 10 жыл. Жалпы еңбек өтілі – 14 жыл. PhD докторы дәрежесін алғаннан кейін жарық көрген 24 ғылыми-танымдық және шығармашылық еңбегі бар. Оның ішінде Комитет ұсынатын басылымдарда – 10, халықаралық конференциялар 4. Скопус базасындағы импакт-факторы бар халықаралық ғылыми журналдарда 2 (2020, 2021) мақаласы жарияланған. 3 ұжымдық 1 жеке монографиясы және 4 танымдық кітабы бар.

Издешінің ережеге сай құжаттары (анықтама және еңбектер тізімі) университет сайтына (<https://www.nmu.edu.kz/kk/science/>) 2024 жылы 27 қыркүйек күні енгізілді.

Жоғарыда айтылғандар негізінде Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті PhD докторы Оқан Саметты 60300-Философия, этика және дін, 60304-Дінтану мамандығы бойынша қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағына ұсынады.

Ректор

Орынд. Е.О.Алпысбаев
+77473939261



Ахмад Хусайн Мухаммад Ибраһим